

1 желтоқсан-Тұңғыш Президент күні

Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті күні — 1 желтоқсанда жыл сайын аталып өтетін Қазақстандағы мемлекеттік мейрам. Тұңғыш Президент күніне орай іс-шаралар жоспары құрылып, бекітілді.

Мектептің кітапханашысы Б.Б.Жалмағанбетова бастауыш сынып оқушыларына «Еліне сүйікті Елбасы» тақырыбында кітаптар көрмесін ұйымдастырды. Мақсаты: Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу мен даму кезеңіндегі Тұңғыш Президентіміздің жүргізіп отырған саясатын, іскерлік қабілетін, болашаққа бағыт-бағдар берген Мемлекет Басшысының осы уақытқа дейінгі атқарған еңбегін оқырмандарға жеткізу, жас ұрпаққа насихаттау.

Көрмеге кітаптар мен бірнеше мерзімді басылым материалдары қойылды. Оларда Нұрсұлтан Назарбаевтың қарапайым жұмысшыдан президенттіке дейінгі өмірлік жолы қамтылған.



19 -20 қараша аралығында «Бір ел-бір тағдыр», «Мой первый Президент», «Один народ - одна судьба» тақырыптарында эссе жазу конкурсы өтті. Жауапты мұғалімдер: К.М.Сағындықова, Ж.А.Бекен. Мақсаты: оқушылардың Отанға деген сүйіспеншілігі мен мақтаныш, патриоттық сезімдерін оята отыра, эссе жазу қабілеттерін шыңдау. Туған жерін, тарихын құрметтеуге баулу. Байқауға белсенділікпен қатысқан сыныптар: 7 «А», 7 «В», 8 «А», 9 «Б».



1 желтоқсан — Тұңғыш Президенті күніне орай 11 "А" сынып жетекшісі Нукиева А. Е. , 9 «А» сынып жетекшісі Камалиева З.Т., 9 «В»

сынып жетекшісі Оспанова Г.К., 10 «Б» сынып жетекшісі Жукенова А.Е. оқушыларға "Болашаққа бастар жол" деректі фильмін көрсетті. Мақсаты: оқушылардың бойында Елбасына деген құрмет сезімін қалыптастыру.



26 қараша күні «Еркін елдің ертеңі кемел білім мен ана тілінде» атты қазақ тілі мен әдебиеті аясында «Тәуелсіз елдің тұңғыш Президенті» тақырыбында презентация қорғау сайысы өткізіліп, жеңімпаздар анықталды. Жауапты : қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Тайлакова Л.Х.



Тарих пәнінің мұғалімі А.З.Канафина 9-11 сынып оқушыларымен «Роль первого Президента - Елбасы в превращении Казахстана в безъядерную державу» тақырыбында конференция өткізді.



«Ерен Елбасы-кемел көшбасшы» тақырыбында сынып сағаттары өтті. Сынып сағаттарының мақсаты: Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өмір жолын, Тәуелсіз Қазақстанның дамуындағы, жеткен жетістіктеріндегі атқарған қызметтерін насихаттау, жас ұрпақтың бойына патриоттық сезім ұялатып, әр азаматтың еліміздің дамуына өз үлестерін қосуға тәрбиелеу.



4 «А» сыныбында «Мен Президент боламын» тақырыбында сурет көрмесі өтті. Сынып жетекшісі Шамиганова Р.М.

Тарих пәнінің мұғалімдері М.У.Биржанова мен З.А.Байсалбаев 5-7 сынып оқушыларымен «Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті» тақырыбында ZOOM платформасында брейн-ринг ойынын өткізді. Ойынның мақсаты: Қазақстан тарихы, тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың өмірбаяны мен саяси қызметі бойынша оқушылардың білімін жинақтау, жүйелеу. Оқушылардың зияткерлік, ойлау және тапқырлық қабілеттерін дамыту.



Мектеп оқушылары арасында «Бірлігіміз жарасқан» патриоттық әндер челленджі ұйымдастырылды. Аталған іс-шараға 2 «Е» сынып оқушысы Женисов Дархан, 4 «А» сынып оқушысы Ғани Айзере, 7 «Ж» сынып оқушысы Жапар Амина қатысты. Оқушыларды дайындаған музыка пәнінің мұғалімі Манапова Е. С.



Барлық іс-шаралар бойынша ақпарат мектептің сайты мен instagram парақшасында жарияланды.